

## АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВТИҢ ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАРЫ

Жұмабеков Ж.А., Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к., доцент;  
Кентбек С.Қ., әлеуметтік мәселелер және тәрбие жұмысы бойынша проректор т.ғ.к., доцент  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Қазақстандық ғылымда ерекше орын алатын ХХ ғасырдағы ірі ғалымдардың бірі академик Евней Арыстанұлы Бөкетовтың ғылыми мұрасы телегей-теңіз қазына екені белгілі. Евней Бөкетов тек қана іргелі ғылыми зерттеулермен айналысып қоймай, сонымен бірге әдеби шығармашылықты да қоса алып жүрді. Оның сан қырлы дарын иесі екенін соңында қалған қолжазба мұралары айқындап тұр. Академик Е.А.Бөкетовтың өмірі мен қызметі туралы жүздеген зерттеу жұмыстары, естеліктер, мақалалар мен монографиялар жарияланды. Ғалымның мұрасы 80 жылдық, аталып өткелі отырған 90-жылдық мерейтойларына арналып қайтадан жарияланып отыр.

Академик Е.А.Бөкетовтың қолжазба мұралары Қарағанды мемлекеттік университетіндегі ғалымның мұражайында, Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағатының қорларында сақталған. Евней Бөкетовтың химия мен физика, тау-кен ісі мен металлургия, көмір өнеркәсібі мен мұнай өндіру, тарих пен тілтану, поэзия мен әдебиет, аударма ісі тәрізді әр алуан қызығушылықтары болғанын қолжазба мұраларын саралай отырып білеміз.

Академик Е.А.Бөкетовтың қолжазба мұраларының үлкен бір бөлігі Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағатында шоғырланған. Мұрағаттағы №1484 қор академик Е.А.Бөкетовке қатысты құжаттарды, материалдарды жинақталған. Сондай-ақ, осы қорда ғалымның хаттары, баяндамалары, қолжазбалары да сақталған [1].

Бізді қызықтырп отырған Евней Арыстанұлы Бөкетовтың қолжазба мұралары, оның ішінде хаттары мен тарихқа қатысты қолжазба нұсқалары. Академик Е.А.Бөкетовтың көптеген еңбектері көзі тірісінде-ақ жарияланғанын білеміз: «академиктің басты мұрасы – оның ғылыми еңбектері. Осы еңбектері КСРО Мемлекеттік сыйлығына лайық болды. Жеке және өзінің шәкірттерімен авторлықта 240-тан астам ғылыми мақалалар мен тезистер, 9 монография, 2 оқу құралын жариялады» [2].

Ғалымның мол әдеби мұрасы да өз заманын көпшіліктің сұранысына ие болды: «1972 жылы КСРО Жазушылар одағына қабылданған әдеби және публицистикалық шығармалары қаланың мәдени өміріндегі айрықша оқиға болды. «Атан қомында туған адам» (1975), «Грани творчества» (1977), «Шоқанның қасиетті ісі» (1984), «Досыма алты хат» (1989) очерктері мен эсселері – адамгершілік философиясын сіңірген, қазақ әдебиетінің қомақты мұрасы. Оның тәржімаларының арқасында қазақ оқырманы Шекспирдің, Золяның, Маяковскийдің және тағы басқаларының үздік шығармаларымен танысты. Ол аударған Шекспирдің «Макбет» трагедиясы еліміздегі көне театрлардың бірі – С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ театрында сахналанып, театр ұжымы драма театрлардың республикалық байқауында жеңіске жетті» [2].

Филолог ғалым Асанов Қ. академик Евней Бөкетовтың публицистикалық еңбектерін жан-жақты зерттеген болатын [3].

Академик Евней Арыстанұлы өз заманында қазақстандық ғалымдармен тығыз қарым-қатынаста болып, үнемі шығармашылық байланыстарын үзбеген. Мәселен, белгілі қаламгер Кәкімбек Салықовпен аударма ісі мәселесінде кеңесіп отырғанын келесі хаттан байқаймыз:

### Құрметті Кәкімбек!

*Сенен хат алып, қуандым. Үй ішің, келінің, балаларың амандығына қуандым, сәлем айтарсың, сүйерсің.*

*Өлең туралы айтқан пікірлеріңе қосылам; басқа екі шумақты сенің жазғаның бойынша өзгерттім. Бір әдемі жері қошқартұмсықтау болып тұрғанын байқаған екенсің, оны былай етсе қайтер еді:*

*Мына бір есік тұсында  
Дәл он алты жаста едім,  
Ақ жамылған қыз сонда  
Елжірей түсе «Жоқ» деді.*

*«Қонағыңды» - «тағамың» дегенге аударғаның әбден дұрыс. Басқа жерлері де недәуір ой саларлықтай болды. Осы аударманы Есмағамбет Смаиловқа қарап бер – деп жіберген едім, ол кісі «пісіңкіремеген» екен деп, жалпылама жауап жазды. Жобасы мұқият оқымаған-ау деймін. Енді баспаға ұсынуға жарайтын болса, асықпай отырып, байқармыз.*

*Кейін түзетіңкірей келе, тағы бір жазармын толықтырып. Қолыңдағы экземпляр, онша керек болмаса, маған жібере сал.*

*Құрметпен Евней*

*18.09.62*

Академик Кәкімбек Салықов Евней Арыстанұлының аудармашылық ізденістері туралы өз естеліктерінде ерекше атап өтеді: «Сол кезеңдерде Е.Бөкетов өзінің негізгі мамандығымен қатар әдеби сыншы ретінде де таныла бастаған болатын. Орыс және шетел жазушылары мен ақындарының бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударып үлгерген-ді» [4].

Академик Евней Бөкетовтың өмірбаянын тыңғылықты зерттеген жазушы – Медеу Сәрсекке. Жазушымен ғалымның арасындағы шығармашылық байланысты олардың хаттары айғақтап тұр:

*Медеу!*

*Маған Герт пен Брагин Сенің кітабың шығыпты деп жазды. Қанекең жөніндеңізді айтам. Қуанышым қойныма сыймай кетті. Ер жігіт, қажырлы жігіт екенсің, рахмет.*

*Бұл жақта әлі бізде жоқ. Бір экземплярын жіберсең, жалпы маған әріқарай жазуыма көмектесең, алғыс қана айтатын болам, үйткені мен әлі көп мызжылайтын түрім бар. Келінге, үй ішіне сәлем.*

*Жаңа жылың құтты болсын!*

*Құрметпен ағаң*

Академик Евней Арыстанұлының алыс-жақын жерлердегі замандастарымен хат алмасу дәстүрін жазушы Медеу Сәрсекке ерекше бір тебіреніспен айтады: «Хаттар Ебіней Арыстанұлының 1960 жылы Қарағандыға, ҰҒА-ның Химия-металлургия институтына директор болып ауысып, сол жерде 1983 жылдың аяғында опат болғанға дейінгі 23 жылдық ғұмырын қамтиды. Ұзын-саны мың қаралы. Жағрафиялық жөнінен Мәскеу, Ленинград, Киев, Вологда, Донец, Иван-Франко, Свердлов (Екатеринбург), Новосібір, Қорған, Том, Алматы, Семей, Қызылжар, Тәшкент, Бішкек, Тараз, Шымкент, т.б. ондаған қалалар, селолар мен ауылдардан жазылған. Әрине, солардың бәріне ғалым жауап жазған, кейде көкейкесті іс мүддесін ойлап, өзі де көл-көсір хаттар жолдаған. Өкінішті жайт: үнемі қара сиямен әрі қолымен жазғандықтан көптеген хаттардың көшірмесі сақталмаған; оларда не жайында сөз болғандығын жауап хаттарды оқудан тұспалдап ұғуға болады; соның өзінде сұңғыла ойлы, жаны мен жады сергек ғұламаның бүкіл болмысын, алып тұрпатына сай кесек тұлғасын жете ұғынасын» [5].

Евней Арыстанұлы қазақ тарихының мәселелеріне айрықша көңіл бөліп, Қазақстанда жаңа қарқындап келе жатқан археология саласының дамуына өзіндік үлесін қосқан. Қазақ археологиясының атасы саналатын академик Әлкей Марғұлан мен Евней Бөкетов арасында достық қарым-қатынас үзілмеген. Академик Әлкей Марғұлан «Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясын» құрып, ұзақ жылдары бойы Орталық Қазақстанның ежелгі дәуір тарихын зерттеумен шұғылданды. 1970 жылы Қарағанды мемлекеттік университеті құрылып, онда тарихы мамандар даярлана бастағанда Әлкей Марғұлан университет ректоры Евней Бөкетовпен тығыз байланыста болып, жас тарихшыларды археологиялық зерттеу жұмыстарына тартып отырған. Академик Әлкей Марғұланның 1973 жылғы Евней Арыстанұлына жазған хаты осы ғылыми ізденістерге деген жаңа бастаманың куәсі бола алады.

*Ардақты Евней*

*Сізге көп жылы сәлем. Жазды күнгі мақалаңызды оқып шыққанмын, оның жылы лебі әлі есімнен кетпеген.*

*Сізге бұл хатпен айтайын деген ойым Орталық Қазақстанның байтақ тарихы белгілерін зерттеу туралы. Мұндағы менімен бірге Орталық Қазақстанды зертеуші ғалымдардың айтуынша, Қызылжарда істейтін біздің Зданович деген бір кісіміз сізге ауысып, Қарағанды облысын зерттеуге кең жоспар құрып жүр деп естиміз. Ғылымда жүйелілік болу үшін ол жігіт біз зерттеп жүрген жерге қосақталмақ, Целиноград облысы осы күнге дейін зерттелмеген. Соны зерттесе дұрыс болар еді; оның ішінде Есіл, Сілеті өзендерінің бойы сыңсып тұрған неолит, қола заманының орындары, ол жерден талай жаңалықтар ашуға болады. Әсіресе Сілеті өзенінің бойы қола дәуірінде орда құрған жердің бірі. Есіл өзеніде сондай. Осы екі өзеннің бойын зерттесеңіз – бір 10 жыл ішінде, онда Орталық Қазақстан өлкесі толық зерттеліп, дүние ғылымына көп үлес қосқан болар едік.*

Міне, қос академиктің Орталық Қазақстанның көне дәуір тарихын зерттеудегі тығыз байланысы осыдан бастау алады. Университет құрылғаннан кейін, жаңа мамандармен толыққан оқу орыны жыл өткен сайын отандық тарих ғылымының өркендеуіне өз үлестерін қоса бастады. Қарағанды

мемлекеттік университетінде 1972 жылдан бастау алған археологиялық зерттеу жұмыстары күні бүгінге дейін өз жұмыстарын тоқтатқан жоқ.

Академик Әлкей Марғұлан археологиялық экспедицияларға университет студенттерін іс-тәжірибеге жолдап, кәсіби тұрғыдан баулу дәстүрін Евней Арыстанұлы бастап беріп кеткен еді.

Өмірінің соңына дейін шығармашылықпен айналысқан ғұлама ғалым өзінің өзекті ойларын хатпен жеткізіп отырған. Евней Арыстанұлының қудалауға түскеннен кейін жариялану мүмкіндігі күрт үзілген шақта да өзінің шығармашылық ізденіске деген құлшынысын жоғалтпаған. Оны «Орталық Қазақстан» газетінің редакторы Сүлейменов Рымқұлға жолдаған хатынан көреміз.

**Қалқам Рымқұл!**

***Емханада ұзақ жатсаң, әр нәрсенің басын шатастырып, шимайлай бастайды екенсің. Мынау сол шимайдың бірі. Өзің оқып көр, кәдеге асса Арыстанов Қабиден (әкем аты Арыстан, өз атым Ибн-Қабиден) деген псевдониммен жарық еткіз. Кәдеге аспаса, мен айтқанды түсінетін адам екенімді білесің ғой.***

***Сәлеммен ағаң Евней***

Өзінің өнегелі өмірінде шығармашылық қабілетінің сан қырымен таныла білген Евней Арыстанұлы Бөкетов ХХ ғасырдағы Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев тәрізді қазақ зиялыларымен бірқатарда тұратын тарихи тұлға. Академик Е.А.Бөкетовтың ұлан-ғайыр мұрасы, әсіресе қолжазбалар мен хаттары әлі де болса көптеген ізденістерге арқау болары сөзсіз.

Әдебиттер:

1. Академик Е.А.Бөкетовтың жеке қоры // Қарағанды облысы мемлекеттік мұрағаты (КОММ). Қор 1484, тізім 1
2. Көбеев Е. Заманымыздың заңғар ұлы // Орталық Қазақстан. - 2014. - 2 қазан (№189-190)
3. Асанов, К. Д. Е.А.Букетовтің публицистикасы: электронды оқулық / К. Д. Асанов // Қарағанды: ҚарМУ басп., 2012; Асанов Қ. Евней Букетов әдеби-сын пікірлері: научное издание / Қойлыбай Асанов // Жұлдыз. - 2002. - № 3. - С. 148 - 149 б.
4. Салықов К. Евней Бөкетов – шығармашылық пен қайырымды істердің шыңы // Орталық Қазақстан. – 2004. – 17 сәуір (№74-75).
5. Сәрсеке М. «Алыстан сермеп, жүректен тербеп» Ебіней Бөкетовтің хаттары бойынша эссе // Егемен Қазақстан. – 2013. – 30 қаңтар (№56).

## ПУТЬ УЧИТЕЛЯ

Старовик П.П., ст. преп.; Баймуханова А.М., ст. преп.;  
Ахметова И.А., ст. преп.; Туткышева Г.Т., ст. преп.,  
кафедра социальной работы и социальной педагогики  
Карагандинский государственный университет им. академика Е.А. Букетова  
г. Караганда, Республика Казахстан

В данной статье рассматривается путь Учителя и яркость личности Евнея Арыстановича, через призму многовековой человеческой культуры и идеи великих предшественников – просветителей как Жан-Жак Руссо, Абай Кунанбаев, Қаныш Сәтпаев, к трудам которых, в разные минуты своей жизни и обращался ученый и педагог Букетов. Они для него были одними из самых ярких мыслителей, во взглядах которых слились воедино как естественнонаучные и гуманитарные, так и педагогические взгляды Учителя.

В эти весенние, мартовские дни мы отмечаем юбилей одного из самых замечательных людей нашей страны 20-го столетия, выдающегося ученого, талантливого организатора, наставника и Учителя – Евнея Арыстановича Букетова. Личность академика Букетова, без всякого преувеличения, воплотила в себе образец гражданственности и патриотизма, сочетавшихся с высоким творческим порывом и широчайшими энциклопедическими знаниями.

Еще, будучи совсем молодым человеком Евней Букетов стал на Путь просвещения, занимаясь естественной наукой, литературой и педагогической деятельностью. Этот путь был пройден с достоинством человека, посвятившего свою жизнь служению людям, в каждом из которых Евней Арыстанович видел вселенское, универсальное начало, искру заложенную свыше: «Многое ли надо человеку? Совсем не много. Стоит это понять, как человек перестанет врать и обманывать, главное – честность к самому себе, друзьям, людям. Честность и бескорыстие» [1].